



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Іскерлік белсенділік өндіріс пен қызмет саласында артып келеді

2024 жылдың қараша айындағы іскерлік белсенділік туралы
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі

Астана қ.

2024 жыл, 4 желтоқсан

2024 жылдың қараша айында іскерлік белсенділік біршама жақсарды. Көрсеткіш он ай бойы оң аймақта қалып, **51,6** болды.

Көрсеткіш өндіріс пен көрсетілетін қызмет секторында тиісінше **53,1** және **51,5-ке** дейін өсуі есебінен ұлғайды (қазанда 52,9 және 50,6). Құрылыста индекс **49,9** (қазанда – 51,8) болып, төмендеу жағына өтті, ал тау-кен өндіру өнеркәсібінде, керісінше, **50,3-пен** (қазанда – 49,6) өсу жағына ауысты. Өндірісте жаңа тапсырыстар едәуір ұлғайса, құрылыста біршама төмендеді. Барлық секторда еңбекпен қамту деңгейі артқаны да тіркелді.



2024 жылғы қарашада **бизнес-ахуал индексі (БАИ)** ұлғайды. Бизнес жүргізудің ағымдағы жағдайын бағалау сияқты болашақ бизнес-жағдайларға қатысты оптимизм де жақсарды. Бизнес-циклдің «сағат» индикаторы **өсуі жағында** қалды.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өнімдеріне/көрсетілетін қызметіне сұраныс артты. Қарашада сұраныстың өсу қарқыны саудадан басқа, барлық секторда күшейді. Саудада баяулағанына қарамастан, сұраныс оң қалпында қалды. Қалған факторлар (бизнесті қорғау мәселелері, салық жүктемесі және қаржыға/кредитке қолжетімділік) нашарлады, респонденттер инфрақұрылымның өзгеруін ғана бейтарап деп бағалады.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz